

## Еттерге таңба басу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 140 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2236. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 маусымдағы "Ветеринария туралы" Заңының 8 бабының 9) тармақшасына сәйкес бұйырамын:

**Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

1. Ұсынылып отырған Еттерге таңба басу Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік инспекция Комитеті облыс, Астана, Алматы қалаларының аумақтық инспекцияларымен бірлесіп заңнамада бекітілген тәртіпте осы бұйрықтан туындайтын керекті шараларды қабылдасын.

**Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінен мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*орынбасары - Министр*

Қазақстан

шаруашылығы

2003

жылғы

19

N 140 бұйрығымен Бекітілген

Республикасы

Министрлігінің

наурыздағы

Ауыл

**Етке ветеринариялық таңба қою**

**Ережесі**

## 1. Жалпы бөлім

1. Етке ветеринариялық таңба қою Ережесі (одан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 8 бабының 9) тармақшасына сәйкес дайындалған және ет, ет өнімдеріне (қосымша өнімдерге) таңба қоюдың бірыңғай ретін белгілейді.

**Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

2. Барлық ауыл шаруашылығы және жабайы жануарлардан, сонымен қатар құстардан алынған ет және ет тағамдарына (қосымша өнімдерге) осы Ереженің талабы бойынша міндетті түрде ветеринариялық таңба және штампалар қойылуы т и і с .

3. Ветеринария саласындағы қызметті атқаратын тиісті әкімшілік аумақтың жергілікті атқарушы органының бөлімше басшысы еттерге таңба қоятын ветеринариялық дәрігерлерге жеке нөмір беріп олардың тізімін құрады.

**Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

4. Ветеринариялық таңба және штамп ветеринария саласындағы қызметті атқаратын тиісті әкімшілік аумақтың жергілікті атқарушы органының бөлімше басшысы рұқсатымен арнайы белгіленген тәртіп бойынша етте айқын таңба қалу мақсатында бронзы немесе басқадай тот баспайтын металдардан белгіленген нысанда және көлемде, терең етіп ойылған шетімен, сандарымен, әріптерімен д а й ы н д а л а д ы .

**Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

5. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

6. Таңба оны басуға рұқсаты бар ветеринариялық дәрігерлерде ғана, рұқсатсыз қолданылып қойылмайтын жағдайларда сақталуы тиіс.

**Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

## 2. Ветеринариялық таңба және-ветеринариялық штампалар

7. Еттерді, ет өнімдерін (қосымша өнімдерді) таңбалауға ветеринариялық таңбалар мен штампалар осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес белгіленеді.

8. Сопакша және тік тікбұрышты ветеринариялық таңбаларда, сонымен қатар ветеринариялық мөртабандарда осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес ақпараттар к ө р с е т і л е д і .

**Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

9. 1 формадағы сопақша ветеринариялық таңбаларды лабораториялардың ветеринариялық дәрігерлері немесе сою пункттерінің немесе ет өңдейтін кәсіпорындардың өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық-санитарлық сараптамасының қорытындысы бойынша қойылады. Ветеринариялық сопақша таңбаның болуы ветеринариялық-санитарлық сараптаманың жүргізілгендігін және өнімнің қауіпсіз екендігін растайды.

**Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

10. Тік бұрышты ветеринариялық таңба "Алдын ала тексеру" жергілікті атқарушы органдардың ветеринариялық дәрігерлерінің сою алдындағы малды тексеру және сойылғаннан кейінгі ұшаны және органдарды тексеру қорытындысы бойынша сою алаңдарында қойылады.

Тік бұрышты ветеринариялық таңба "Алдын ала тексеру" қойылған ұша және ішкі органдар ветеринариялық-санитарлық сараптама өту үшін ветеринариялық-санитарлық лабораторияларға жіберіледі.

Зерттеу қорытындысы бойынша тік бұрышты ветеринариялық таңбаның қатарына ветеринариялық-санитарлық лабораторияның ветеринариялық дәрігерімен сопақша ветеринариялық таңба 1 немесе 2 формадағы қойылады.

**Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

11. Залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға) немесе қайта өңдеуге жататын ет және ет өнімдері Қазақстан Республикасының ветеринария саласының заңнамаларына сәйкес ет және ет өнімдерінің қолдану тәртібін көрсететін ветеринариялық мөртабандармен таңбаланады.

**Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

12. Қосымша өнімдерді, қоянның, құстың етін таңбалауға осы ереженің 8 тармағындағыдай сопақша ветеринариялық таңба тек кішкене көлемдегі қ о л д а н ы л а д ы .

13. Ет өңдейтін өндірістерде, құс фабрикаларында электроклеймо қолдануға болады, 1 немесе 2 сандарымен (құс етінің категориясына қарай), құстың аяғының сыртқы жағына қойылады.

Ұшаны полимерлі пакеттерге қаптағанда түрін категориясын пакет сыртына типографиялық жолмен қояды.

**14. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

15. Ет және ет өнімдерін сату тек сопақша нысандағы таңба болған жағдайда

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

### 3. Еттерді және олардан алынған қосымша өнімдерді таңбалау тәртібі

16. Барлық жануарлар еттеріне ветеринариялық таңба немесе штампаларды төменгі тәртіпте қойылады:

ет ұшаларымен және жартылай ұшаларға - бірден әр жауырынға және жамбасқа;

әр төрт бөлікке, шпиктің бөліктеріне - бірден; басқа, жүрекке, тілге, өкпеге, бауырға, бүйрекке - бірден (ветеринариялық-санитариялық сараптау лабораториялары міндетті түрде);

қоян мен нутрий ұшаларына 2 таңба; бір-бірден жауырынмен жамбастың сыртқы жағына;

ішкі сауда объектілерінде құстың ұшаларына бір таңба мойынға немесе жамбастың сыртқы жағына (жабайы құстардың еттері де осылай таңбаланады);

ет өңдейтін кәсіпорындарда, құс комбинаттарында, құс фабрикаларында жіліншіктің сыртқы жағына электроклеймо қойылады: тауықтың, үйректің, ұшаларында - бір аяғына; үйректің, қаздың, күрке тауықтың - екі аяғына;

өндірістік қайта өңдеуге жататын құстардың жотасына электроклеймо "п" қойылады.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

17. Ветеринариялық-санитариялық сараптаудан өткен жылқы, түйе, бұғы, аю, есек, қабандар еттеріне ветеринариялық таңбаға қосымша осы Ереженің 14 тармағына сәйкес штампы қойылады.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

18. Жануарлардан алынған майларға таңба қойылмайды, ветеринариялық таңба қойылған этикетка қыстырылады.

19. Залалсыздандыруға (зиянсыздандыруға) жататын ет және олардан алынатын қосымша өнімдер шұжыққа, басқада өнімдерге жөнелтілгендері не тек залалсыздандыру әдісі немесе диагнозы көрсетілген ветеринариялық штампы қойылады, сопақша таңба қойылмайды.

20. Залалсыздандыруға (зиянсыздандыруға) жататын құстардың еттерінің ыдысына ет және ет өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау ережесіне сәйкес залалсыздандыру әдісі "Қайнатуға", "Консервіге" және тағы басқа әдістері

көрсетілген ветеринариялық таңба қойылған этикеткалар желімделінеді.

21. Барлық жануарлар ұшаларына (құстар мен қояндар) ветеринариялық-санитариялық сараптау қорытындысы бойынша тамаққа жарамсыз деп табылғандарына 3-4 ветеринариялық таңба "Утильге" қойылады.

22. Сақталу, тасымалдау кезінде қойылатын талаптардың бұзылу салдарынан өзінің ветеринариялық-санитариялық белгісін жойған еттер қайтадан ветеринариялық-санитариялық сараптаудан өтіп бұрынғы қойылған белгі алдын ала алынып тасталынады және қайтадан таңбалау осы Ереженің 11 және 16 тармағына сәйкес жүргізіледі.


**Ескерту: 4-бөлім алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 140 бұйрығымен бекітілген Етке ветеринариялық таңба қою Ережесіне қосымша

**Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.12.20 N 765 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

## **Еттерді таңбалауға арналған ветеринариялық таңбалардың және мөртабандардың үлгісі**

1. Сопакша формадағы таңба.



KZ F 01/U2-0001 – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 қарашадағы № 1755 қаулысымен бекітілген жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру ережесіне (бұдан әрі - Қаулы) сәйкес берілген малдарды сойған сою пункттері немесе ет өңдейтін кәсіпорындардың есептік нөмірі: бірінші белгі – елдің коды – KZ;

екінші белгі – облыстың литерлік коды;  
үшінші белгі – ауданның реттік нөмірі;  
төртінші белгі – өндіріс объектісінің қызмет түрі;  
бесінші белгі – өндіріс объектісінің реттік нөмірі;  
1-таңба қоятын ветеринар дәрігерінің жеке нөмірі.

Өлшемі:  $40(\pm 5) \times 60(\pm 5)$  миллиметр.

Шетінің ені –  $1,5(\pm 0,3)$  миллиметр.

Әріптердің және сандардың биіктігі –  $10(\pm 0,2)$  миллиметр.

2. 2 формадағы сопақша таңба.



"ЖК ВЕТСАРАПТАМА" – ветеринариялық-санитарлық лабораторияның  
а т а у ы ;

KZ – Қазақстан Республикасының литерлік коды;

F 01 – Қаулының 1 қосымшаға сәйкес берілген аумағында  
ветеринариялық-санитарлық лабораториялар орналасқан облыстың және  
а у д а н н ы ң к о д ы :

1-Таңба қоятын ветеринар дәрігерінің жеке нөмірі.

Өлшемі:  $40(\pm 5) \times 60(\pm 5)$  миллиметр.

Шетінің ені –  $1,5(\pm 0,3)$  миллиметр.

Әріптердің және сандардың биіктігі –  $10(\pm 2)$  миллиметр.

3. Құстардың, қоян еттерін, саз құндыздар және ұсақ малдардың еттерін  
таңбалайтын (кіші көлемдегі) сопақша таңба.



KZ F 01/U2-0001 – Қаулыға сәйкес берілген сою пункттері немесе ет өңдейтін  
кәсіпорындардың есептік нөмірі:

бірінші белгі – елдің коды – KZ;

екінші белгі – облыстың литерлік коды;

үшінші белгі – ауданның реттік нөмірі;


төртінші белгі – өндіріс объектісінің қызмет түрі;

бесінші белгі – өндіріс объектісінің реттік нөмірі;

1-Таңба қоятын ветеринар дәрігерінің жеке нөмірі.

Өлшемі: 25(± 3)х40(± 5) миллиметр.  
Шетінің ені – 1(± 0,2) миллиметр.  
Әріптердің және сандардың биіктігі - 6 миллиметр.

4. Тік бұрышты таңбаның формасы.



KZ F 01/U2-0001 – Қаулыға сәйкес берілген малдарды сойған сою алаңдарының есептік нөмірі:

бірінші белгі – елдің коды – KZ;  
екінші белгі – облыстың литерлік коды;  
үшінші белгі – ауданның реттік нөмірі;  
төртінші белгі – өндіріс объектісінің қызмет түрі;  
бесінші белгі – өндіріс объектісінің реттік нөмірі;  
1-Таңба қоятын ветеринар дәрігерінің жеке нөмірі.

Өлшемі: 40(± 5)х70(± 5) миллиметр;  
Шетінің ені – 1,5(± 0,3) миллиметр;  
Әріптердің және сандардың биіктігі – 10(± 2) миллиметр.

5. Ветеринариялық мөртабандар.



KZ F 01/U2-0001 – Қаулыға сәйкес берілген өндіріс объектілерінің есептік н ө м і р і :

бірінші белгі – елдің коды – KZ;  
екінші белгі – облыстың литерлік коды;  
үшінші белгі – ауданның реттік нөмірі;

төртінші белгі – өндіріс объектісінің қызмет түрі;  
бесінші белгі – өндіріс объектісінің реттік нөмірі;  
1-Таңба қоятын ветеринар дәрігерінің жеке нөмірі.

Өлшемі:  $40(\pm 5) \times 70(\pm 5)$  миллиметр;

Шетінің ені –  $1,5(\pm 0,3)$  миллиметр;

Әріптердің және сандардың биіктігі –  $10(\pm 2)$  миллиметр.

6. Қосымша мөртабандар.

аю еті	бұғы еті	қабан еті - өө
есек еті	қашыр еті	жылқы еті

Өлшемі:  $20 (\pm 3) \times 50(\pm 5)$  миллиметр;

Шетінің ені -  $1,5(\pm 0,3)$  миллиметр;

Әріптердің биіктігі –  $10(\pm 2)$  миллиметр.

7. Құс өңдейтін кәсіпорындарда құс ұшаларына қойылатын электротаңба.

1	2	Қ	
		1	– бірінші категориядағы құс;
		2	– екінші категориядағы құс;
		Қ	– өнеркәсіптік қайта өңдеуге.

Әріптердің және сандардың биіктігі –  $20(\pm 4)$  миллиметр.